

*Устемирова Нурай Ерболқызы
6 -сынып*



*Петропавл қаласы
«№7 орта мектеп» КММ*

Ғылыми жұмыстың тақырыбы:

Қазыбек бидің шешендік сөздерінің ерекшеліктері мен түрлері



Зерттеудің өзектілігі:



- **Заманауи білім беру жүйесі** оқушылардың жеке тұлға ретінде қоғамдық өмірге ерте жастан әлеуметтенуіне жағдай жасауды мақсат етеді. Н.Ә. Назарбаевтың «Мәдени мұра», «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» секілді маңызды бағдарламаларын жүзеге асыру аясында жеке тұлға бойында рухани құндылықтарды дәріптеу- бүгінгі күннің басты талабы.
- **Зерттеудің өзектілігі:** Ұлттық құндылықтарымыз бен озық дәстүрімізді табысты жаңғыртудың үлгісі-қазақ ауыз әдебиетіндегі аса бай мұра шешендік сөздер. Шешендердің бірі Қазыбек бидің шешендік сөздері ұрпақтарымызды тіл тазалығын сақтап, ана тілін сүйеге тәрбиелейді. Жалпы орта білім беру жүйесінің жаңартылған бағдарламасына сай.





Зерттеудің мақсаты:

- Шешендік сөздер арқылы халқымыздың тарихын, ата - бабаларымыздың биік мақсат - мұратын таныту.
- Қазыбек бидің шешендік сөздерінің ерекшеліктері мен түрлеріне талдау жасау арқылы оқырман тұрғысынан баға беру.

Зерттеу міндеттері:

- Отандық ғалымдардың ой-пікіріне, тұжырымдарына сүйене отырып, шешендік сөздердің ерекшелігі мен түрлеріне оқырман тұрғысынан баға беру;
- Қазыбек бидің шешендік сөздерінің қолданысына талдау жасау; Нақты тұжырымдарға келу, қорытынды, түйін жасау, ұсыныстар беру;





**Зерттеу
нысаны:**

**Қазақ әдебиеті тарихындағы XVII- XVIII ғғ.
Қазыбек бидің ел мүддесін толғайтын
толғаулары мен шешендік сөздері алынды.**

**Зерттеу
әдістері:**

**талдау, жүйелілік, жинақтау,
тұжырым жасау, сауалнама.**

**Зерттеу
жаңалығы :**

**Қазыбек бидің шешендік сөздерінің
ерекшеліктері мен түрлеріне талдау жасау
оқушыларды бейімдеп оқыту талаптарына
сай келеді.**



**Практи-
калық
маңызы:**

Жұмыс нәтижелерін шешендік өнер, қазақ әдебиетінің тарихына қатысты факультатив сабақтарға, элективті курстарға материал ретінде қолданауға болады.

**Күтілетін
нәтиже:**

Оқушылар Қазыбек бидің шешендік сөздерін қолдану арқылы жеке тұлғалық, азаматтық көзқарастарын қалыптастырады, қоғамдық өмірге ерте жастан бейімделеді. Бұл-жаңартылған білім беру мазмұнының басты талабы.





Қазыбек би

(1667-1764)



70000 70000

ӨМІРБАЯНЫ

Қаз дауысты Қазыбек би, Қазыбек Келдібекұлы – қазақ халқының XVII – XVIII-ғасырлардағы ұлы үш биінің бірі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері. Орта жүз арғын тайпасының қаракесек руына кіретін болатқожа атасынан шыққан ол 1667 жылы Сыр бойында дүниеге келген. Арғы аталары Шаншар абыз, Бұлбұл, өз әкесі Келдібек – есімдері елге белгілі әділ билер болған.

Қаз дауысты Қазыбектің оқыған жерлері, алған білімі туралы нақты дерек жоқ. Дегенмен, ел аузындағы әңгіме, аңыздар мен биден жеткен шешендік сөздер оның өз заманында білімді де жетелі, халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүр, рәміздерін, ата жолы заңдарын мейлінше мол меңгерген, озық ойлы, әділ де көреген, батыл да батыр адам болғандығын айқын аңғартады. Әділдігі мен алғырлығы үшін Тәуке хан Қазыбекті Орта жүздің Бас биі еткен. Би өз Тәукенің тұсында хан кеңесінің белді мүшелерінің бірі болса, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай ел билеген кезеңдерде де мемлекет басқару ісіне жиі араласып, ішкі-сыртқы саясатта ақыл-кеңестер беріп отырған.





Әділдігі мен алғырлығы үшін
Тәуке хан Қазыбекті

Орта жүздің Бас биі еткен.

Қазыбек Келдібекұлы халық санасында
«Қаз дауысты Қазыбек» атанып,



Біз - қазақ деген
қырда қой баққан еміз,
Жүйрік жаратып,
қымызға бие байлапқан еміз.
Дәм-тұзды ақтай білген,
Достықты сақтай білген
Ешкімге соқтықпай жай жатқан еміз!

Төрімізден құт-береке қашпасын деп,
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,
Тұырлыққа - ту іліп,
Қыннан қылыш суырып,
Көк найзаның ұшына
күдері таққан елміз!





Дұшпанға еш бас ұрмаған елміз,
Басымыздан сөз асырмаған елміз!

Асқақтаған хан болса,
Сөз ұқпайтын паң болса,
Қанға - қан, жанға - жан
алайнымызды жасырмаған елміз!

Қазыбек бидің қалмақ ханына айтқан сөздерінен үзінді

*Тату болса, ағайын жақын,
Ақилшы болса, апайың жақын.
Бауырмал болса, інің жақын,
Алдыңа тартқан адал асын,*

*Ғыт пенен ар қымбат,
Өзің сүйген жар қымбат.
Арадан шыққан жау қиын,
Таусылмайтын дау қиын.*

*Аймалайтын апан, қымбат,
Мейірімді апан, қымбат.
Асқар тауың – әкең қымбат,
Туып өскен елің, қымбат.*

Қазыбек бидің нақыл сөздері



«Қазыбек бидің шешендік сөздері» факультативтік курстың жоспары




№	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі	Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқу мақсаты
1	Кіріспе. Шешендік сөздер	1	қыркүйек	шешендік сөздерге жалпы сипаттама.
2	Шешендік сөздерді оқып-үйрену - бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі	1	қыркүйек	шешендік сөздердің оқушы үшін маңызын ашу.
3	Шешендік сөздердің ерекшеліктері	1	қазан	шешендік сөздердің ерекшеліктерін тарихи деректермен дәлелдеу.
4	Шешендік сөздердің түрлері	1	қазан	ғалымдардың шешендік сөздер түрлері туралы пікірлерімен таныстыру.
5	Қазыбек би-Орта жүздің биі	1	қараша	өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазу.
6	Қазыбек бидің төрелігі	1	қараша	шешендік сөздегі автор бейнесін анықтау.
7	Қазыбек би мен Әйтеке би	1	желтоқсан	кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру.
8	Қазыбек пен Қонтажы	1	желтоқсан	кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау.
9	Қазыбек бидің шешендік сөздері	1	қаңтар	шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану.
10	Екі әйелдің баласы үшін таласуына төрелік	1	қаңтар	кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу.
11	Қазыбек бидің елшілігі	1	ақпан	тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау.
12	Кім жақын? Не қымбат? Не қиын?	1	ақпан	оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазу.
13	Қазыбек бидің он жұмбақты шешуі	1	наурыз	шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу.
14	Арық емес, қатумын, қара жерден татумын	1	наурыз	шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау.
15	Үш бидің жер бөлісуі	1	сәуір	шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау.
16	Шешендік сөздердегі көркемдік тәсілдері	1	сәуір	шығармадағы көркемдегіш құралдардың қолданысын талдау.
17	Қорытынды сабақ	1	мамыр	шығармадан алған әсерін сипаттап


Сауалнама нәтижесі




Оқушылардың жыл басындағы көрсеткіштері



Оқушылардың жыл соңындағы көрсеткіштері



Қазыбек биге арналған сахналық көрініс



«Бабадан қалған асыл сөз» атты әдеби-танымдық кеш




Шешендік сөздерді қайда қолданамыз?



Шешендік сөздерді жаттап өсуді өзіме зор мәртебе, мақтаныш көремін. Шешендік сөздерде қаншама мағына, нақыл-өсиеттер тұнып тұр десеңші! Асыл маржанды тере білген адамға зор пайдасы бар. Соларды жаттап өсек, ертең өмір жолында асыл қазына ретінде пайдаланбаймыз ба!? Мысалы, мектепте **«Бабадан қалған асыл сөз»** атты әдеби-танымдық кеш өткіздік, оқушылар би-шешендер бейнесіне кіріп, сахналық көрініс көрсетті. **«Қазыбек бидің шешендік сөздері»** атты факультативтік сабақта би-шешендер өмірімен, толғаулармен, олардың өмір сүрген кезеңдегі саяси мәселелермен танысамыз. Мені әдебиет те, тарих та қатты қызықтырады. Сондықтан да билердің ішіндегі ең данагөйі Қазыбек бидің өмірі, шешендік сөздері мені қатты қызықтырды. Қазыбек би бүгінгідей бақытты өмірдің болатынына сеніп, бізге сабақ болар қаншама нақыл сөздер айтып кетті десеңші! Би-шешендердің өмірін зерттеп, толғауларын жаттау арқылы өз шежіремізді, тарихымызды білетін нағыз қазақстандық патриот боламыз деп үлкен сеніммен айта аламын. Асыл сөздер маржанын қайда қолданамыз деген сұрақ туындар. **Біріншіден**, сөздік қорымыз байиды, тіліміз, ой-санамыз дамиды. **Екіншіден**, мектеп бітіргенше **қаншама шығарма, ой толғау, эсселер жазамыз**, біздің жаттаған өлеңдеріміз жазба жұмысына керек дайын эпиграф, цитаталар емес пе?! Мектеп бітірерде аттестат алатын мемлекеттік емтиханда қазақ тілі мен әдебиеттен **эссе жазу** талап етіліп отыр. Ендеше, бұл -соған үлкен дайындық.



Шешендік сөздер мен нақыл сөздерді қолдану



Қорытынды



Қазақ қоғамында соғыс болсын, ортақ келісімге уағдаласу, мәмілеге келу болсын, сыртқы және ішкі саясатта болсын, жер қорғауда болсын ең қажет қару – шешеннің тілі. Мерей-мәртебесі, даму дәрежесі жоғары болады. Бұл ретте **Қаз дауысты Қазыбек бидің** Қазақстанның саяси-құқықтық тарихында айрықша тұлға екендігін айтуға болады. Өзінің жалпы тұлға болмысымен ғана емес, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан шешендік өнерді өз дәуірінде жарқырата танытқан.

Қазыбек би – шешендік сөздерді тақырыптық тұрғыдан байытып, мазмұндық жағынан тереңдетіп қана қоймай, оның көркемдігіне, үйлесімділігіне де ерекше мән берген, жанрлық тұрғыдан **шешендік толғау, шешендік дау, шешендік арнау түрлерін** өз шығармашылығында барынша дамытқан. Сондықтан да баба мұрасы – ұрпаққа ұлағат, кейінгіге аманат, келер күнмен бірге жасайтын рухани асыл қазына.



Ұсыныстар:



1. Жұмыс нәтижелерін шешендік өнер, қазақ әдебиетінің тарихына қатысты **факультатив сабақтарға, элективті курстарға** материал ретінде қолданауға болады.
2. Қосымша материал ретінде оқушылар мен студенттерге мына сайтты ашып, қолдануға ұсынамын:
<https://vk.com/club172931107>
3. Облыста **«Шешендік сөздер байқауы»** өткізілсе, оқушылардың сөздік қорлары толығып, ана тіліне деген сүйіспеншілігі беки түсер еді.
4. Мектептің тәрбие жоспарына Елбасы Н.Ә.назарбаевтың «Мәдени мұра», «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» секілді маңызды бағдарламаларын жүзеге асыру аясында шешендік сөздерден жарыс, сахналық көріністерді ұйымдастыру.





Назарларыңызға рахмет!

